

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
«Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ
АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ
ИМЕНИ Т.К.ЖУРГЕНОВА»
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Алматы қаласы № 01/04-417

Алматы қаласы

город Алматы

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл және
жемқорлыққа қарсы
стандартты бекіту туралы**



«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы № 174 бұйрығына сәйкес, сонымен қатар Академияда білім алушылардың оқу жұмысының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, әдепті орындау, шығармашылық авторлардың бағаланатын жұмыстардағы ақпараттың дұрыстығын анықтау және қорғау, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпаратпен және идеялармен ашық бөлісу, білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – пікірлер мен идеялардың еркін айтылу құқығын жүзеге асыру мақсатында және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою үшін

БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бекітілсін:

Қуанышұлы Абзал – ректордың аппарат қызметінің басшысы;

Турдалиева Бакытжан Какиевна – оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы;

Асылбекова Гаухар Болатовна – әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімінің басшысы;

Әнуар Әскербек Әбдірахманұлы – заң бөлімінің заңгері;

Гульнар Данова – кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің 3 курс студенті;

0009678

Жұлдыз Нұрғазина – кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің 3 курс студенті, кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің студенттік деканы;

Рахат Даулбаев – компьютерлік технологиялар кафедрасының медиажурналистика мамандығының 2 курс студенті – еріктілер ұйымының төрағасы.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі ректорының 2019 жылдың 20 қарашадағы № 01/04-148П бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: заң бөлімінің басшысы Г.Сейтбекованың қызметтік хаты.

Ректор



А.Абдуалиев



шер